

Ақтау қаласында Маңғыстау өнер училищесін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 тамыз 1993 ж. N 694

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі мен Маңғыстау облысы әкімінің 1993 жылдан бастап Ақтау қаласында Маңғыстау өнер училищесін ашу туралы Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі және Қаржы министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Маңғыстау облысы әкімінің осы мақсатқа 1993\94 оқу жылынан бастап облыс бюджетінен қаржы бөліп, училищені тиісті нормативтерге сәйкес материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету жөніндегі ұсынысы мақұлдандын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі училище құрылымын, мамандықтардың номенклатурасын, оқу мерзімін анықтасын, оқу орнын педагог кадрлармен және мамандармен толықтыруда көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі